

Тарихи анықтама

Қадыров Марат Сақыпұлы 1940 жылы 6 сәуірде Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Есенсай ауылында дүниеге келген.

1957 жылы Орал қаласындағы С.Сейфуллин атындағы № 11 орта мектепті күміс медальмен бітірді. Осы жылы А.С.Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогика институтына түсіп, 1962 жылы физика және өндіріс негіздері мамандығын алып шықты. Институт қабырғасында баскетбол, қол добынан «Буревестник» командасының құрамында бірнеше дүркін облыс чемпионы атағына ие болды.

Еңбек жолын 1962 жылы Тайпақ ауданының «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектепте мектеп директорының өндірістік оқу жөніндегі орынбасары қызметінен бастады.

1963-1969 жылдары Жымпиты орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі, мектеп директорының өндірістік және оқу-тәрбие жұмысының орынбасары болып еңбек етті. Осы кезеңде ауданда алғашқылардың бірі болып оқушыларды баскетбол, қол добы, стол теннисі сияқты спорт түрлеріне баулыды. Тәрбиелеген шәкірттері аудандық, облыстық құрамаларда болып, аудан намысын облыстық, республикалық ойындарда қорғады.

Марат Сақыпұлы 1969-1984 жылдары Жымпиты орта мектебінің директоры, 1984-1993 жылдары Жымпиты (қазіргі Сырым) ауданының халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болды.

Осы жылдары шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жолдары іздестіріліп, озық тәжірибе енгізілуіне байланысты, ұстаздардың сапалық құрамы артты, мектептердің материалдық базасы нығайды.

1993-2001 жылдары Сырым ауданы әкімі орынбасары. 2002 жылы қысқартылғаннан кейін аудандық мұражайдың директоры, аудандық «Отан» партиясының төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

2004 жылдан бері аудандық мәслихаттың депутаты, мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болып келеді.

Жұмыс жасаған уақытында 1986 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін», 2001 ж Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл медальдарымен, 1976 ж «Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Бірнеше рет республикалық облыстық, аудандық қоғамдық ұйымдардың құрмет грамоталарымен мадақталған. Бірнеше рет аудандық Кеңестік депутаты болып сайланды.

Марат Сақыпұлы бала тәрбиелеп, жиендерін сүйіп, бақытты әке болып отырған өнегелі жан.

Тізімдемеге 5 (бес) сақтау бірлігі, 63 есеп бірлігі, соның ішінде 12 фотосурет енгізілді.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының директоры:



Ғ.Рамазанов